

**Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қазандағы N 1066 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 10 шілдедегі N 1055 Қаулысымен

*Ескерту: Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.07.10 N 1055 Қаулысымен.*

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 маусымдағы Кодексіне (Салық кодексі) және "Байланыс туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 5 шілдедегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

*Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.21 N 698 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

1. Қоса беріліп отырған қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ақпараттандыру және байланыс агенттігі бір ай мерзімде Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісім бойынша бекітілген жылдық ставкалар негізінде Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемді есептеу әдістемесін әзірлесін және бекітсін.

2-1. Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкалары жыл сайын қайта қаралады.

*Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.07.21 N 698 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.*

3. Осы қаулы 2005 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және ресми түрде жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

1 6

қ а з а н д а ғ ы

N

1 0 6 6

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

**Қалааралық және (немесе) халықаралық телефон байланысын ұсынғаны үшін төлемнің жылдық ставкалары**

*Ескерту. Ставкаларға өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.07.21 N 698 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2007.08.10. N 685 қаулыларымен.*

Телефон байланысының түрі	Бір абонент үшін айлық есептік көрсеткішпен төлемнің жылдық ставкалары
қалааралық және халықаралық	1,101
қалааралық	0,550
х а л ы қ а р а л ы қ	0 , 5 5 0